

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

Әжелер мектебі» аясында ұйымдастырылатын «Дәмді тағамдар шеберлігі» шеберлік сыныбына арналған инновациялық жоспар:

Тақырыбы: «Дәмді тағамдар шеберлігі»

Мақсаты: Балабақшадағы аналарды (әжелерді) ұлттық тағамдарды әзірлеу дәстүрімен таныстыру, балабақша балаларына салауатты әрі дәстүрлі тағамдар жасау жолын көрсету, аналарды шығармашылыққа тарту.

1-бөлім. Шаттық шеңбері

Балалар аналарын қарсы алып, «Анам ас әзірлейді» әнін орындайды.

Шағын ойын: «Дәмін тап!» (балалар көзі байлаулы күйде жеміс-жидек дәмін ажыратады).

2-бөлім. Ұлттық тағамдар әлемінде

Аналар өздері білетін бір ұлттық тағамды таныстырады (бауырсақ, қымыз, шелпек).

Инновациялық әдіс: интерактивті экранда тағамның шығу тарихы мен құндылығы көрсетіледі.

3-бөлім. Шебер қолдар

Шеберлік сыныбы: аналар балаларымен бірге жеңіл тағам түрін дайындайды (мысалы, түрлі түсті көкөністерден салат).

Инновациялық тәсіл: смарт-тақтада «дұрыс және зиянды тағамдар» ойыны.

4-бөлім. Тағам мәдениеті туралы кеңес

Педагог аналарға «Балаларға пайдалы ас мәзірін құрудың жолдары» бойынша кеңес береді.

Адалдық пен үнемділік туралы шағын әңгіме: «Нанның қасиеті».

5-бөлім. Қорытындылау

Балалар дайындаған тағамды ортаға қойып, ата-аналармен бірге дәм татады.

«Шебер ана» атағын беру, алғыс хат табыстау.

Рефлексия: смарт-тақтада смайликтер арқылы аналар әсерін білдіреді.

Күтілетін нәтиже:

Балалар ұлттық тағам атауларын біледі, дастарқан мәдениетін үйренеді;

Аналар балабақша өміріне белсенді тартылады;

Ұлттық құндылықтар заманауи әдістермен үйлесіп, балалар санасына жеткізіледі;

Балабақша мен ата-аналардың ынтымақтастығы артады

Анықтама

Тақырыбы: «Дәмді тағамдар шеберлігі»

Ұйымдастырған: «Аналар мектебі» клубы

Балабақшада ата-аналармен тығыз байланыс орнату – тәрбиенің табысты болуының негізгі кепілі. Әсіресе ұлттық құндылықтарды сақтап, ұрпаққа жеткізуде аналардың рөлі ерекше. Осы мақсатта «Аналар мектебі» аясында «Дәмді тағамдар шеберлігі» атты шеберлік сыныбы ұйымдастырылды. Бұл шараның негізгі мақсаты – ұлттық тағамдарға құрмет көрсету, балаларды тағам мәдениетіне баулу және ата-аналардың педагогикалық белсенділігін арттыру. **Ұлттық құндылықтарды дәріптеу.**

Балаларға бауырсақ, шелпек, қымыз сияқты тағамдар туралы түсінік беріліп, олардың тарихы мен мәні таныстырылды. Бұл арқылы балалар ұлттық дәстүрді құрметтеуді үйренді.

Балаларға тағам мәдениетін үйрету.

Дастарқан басында әдепті болу, асты ысырап етпеу, асқа алғыс айту секілді қарапайым ережелерді меңгеру – балалардың болашақтағы мәдениетті тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. **Ата-аналарды тарту.**

Аналар балабақша өміріне белсенді қатысып, өз тәжірибесімен бөлісті. Шеберлік барысында олар балаларға қамқорлық пен мейірімділіктің үлгісін көрсетті.

Инновациялық әдістерді қолдану.

Шара барысында смарт-тақта арқылы тағам түрлері көрсетіліп, балаларға «пайдалы және зиянды тағамдар» ойыны ұйымдастырылды. Бұл олардың қызығушылығын арттырып, танымдық белсенділігін дамытты.

1. Шаттық шеңбері.

Балалар аналарын жылы қарсы алып, «Анам ас әзірлейді» әнін орындады. «Дәмін тап!» ойыны арқылы балалар жеміс-жидектердің дәмін ажыратуға тырысты.

2. Ұлттық тағамдар әлемінде.

Аналар өздері білетін тағамдарды таныстырып, олардың жасалу жолын қысқаша түсіндірді. Интерактивті экранда әр тағамның суреттері көрсетілді.

3. Шебер қолдар.

Аналар балалармен бірге жеңіл салаттар дайындады. Балалар көкөністерді кесуге, түстерін ажыратуға қатысты. Бұл кезеңде балалардың ұсақ моторикасы дамыды.

4. Тағам мәдениеті туралы кеңес.

Педагог «Нан қасиеті» тақырыбында шағын әңгіме айтып, үнемшілдік пен адалдық туралы түсінік берді.

5. Қорытындылау.

Балалар дайындаған тағамдарды ортаға қойып, бірге дәм татты. «Шебер ана» атағы беріліп, алғыс хаттар тапсырылды. Балалар өз әсерлерін смайлик әдісі арқылы білдірді.

«Дәмді тағамдар шеберлігі» шеберлік сыныбы балалардың ұлттық тағамдарға деген қызығушылығын арттырды, дастарқан мәдениетін қалыптастырды. Аналардың қатысуы арқылы балабақша мен отбасы арасындағы байланыс нығайды. Балалар ұлттық дәстүрлерді құрметтеуді, үнемшілдік пен адалдықты бағалауды үйренді.